

Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды әкімшілік қадағалау туралы

Күші жойған

Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 15 шілдедегі N 28 Заңы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 2025 жылғы 30 желтоқсандағы № 245-VIII Заңымен

Ескерту. Заңның күші жойылды – ҚР 30.12.2025 № 245-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

МАЗМҰНЫ

Осы Заң бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асырылатын әкімшілік қадағалаудың мазмұнын айқындайды және оны қолдану кезіндегі заңдылықтың құқықтық кепілдіктерінің жүйесін баянды етеді.

Ескерту. Заңның бүкіл мәтіні бойынша "еңбекпен түзеу мекемелерінің", "еңбекпен түзеу мекемесінен", "еңбекпен түзеу мекемесі", "еңбекпен түзеу мекемесінің" деген сөздер "түзеу мекемелерінің", "түзеу мекемесінен", "түзеу мекемесі", "түзеу мекемесінің" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР 2002.10.30 № 350 Заңымен.

Ескерту. Бүкіл мәтін бойынша:

"түзеу мекемелерінің", "түзеу мекемесінен", "түзеу мекемесі", "түзеу мекемесінің" деген сөздер тиісінше "қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінің", "қылмыстық-атқару жүйесі мекемесінен", "қылмыстық-атқару жүйесі мекемесі", "қылмыстық-атқару жүйесі мекемесінің" деген сөздермен ауыстырылды;

"а" және "б" тармақшаларында аталған", "в" тармақшасында аталған" деген сөздер тиісінше "а) және б) тармақшаларында аталған", "в) тармақшасында аталған" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР 18.04.2017 № 58-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

I тарау

Жалпы ережелер

1-бап. Әкімшілік қадағалаудың мазмұны, ұғымы және мақсаттары

Әкімшілік қадағалау кәнігі қылмыстың алдын алу нысаны болып табылады, заңдылықты, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының кепілдіктерін

сақтау негізінде іске асырылады және бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдардың тарапынан құқық бұзушылықтардың алдын алу мақсатында заңдармен белгілі бір шектеулер қойылған осындай адамдардың мінез-құлқын байқау түріндегі мәжбүр ету шарасы ретінде судьяның қаулысы негізінде ішкі істер органдары жүзеге асырады.

2-бап. Әкімшілік қадағалау белгіленген адамдар

Әкімшілік қадағалау жазасын өтеген адамдарға:

а) қауіпті қайталануы кезінде жасалған қылмыстары, сол сияқты террористік немесе экстремистік қылмыстары, кәмелетке толмағандарға жыныстық тиіспеушілікке қарсы қылмыстары үшін;

б) ауыр және (немесе) аса ауыр қылмыстары үшін немесе қасақана қылмыстары үшін бас бостандығынан айыруға екі және одан да көп рет сотты болғандарға және жаза мерзімі аяқталған кезде дәрежесі үшінші теріс мінез-құлықты сотталғандарға;

в) егер жазаны өтегеннен кейін ішкі істер органдарының ескертулеріне қарамастан қоғамдық тәртіпті, адамның және азаматтың құқықтары мен заңды мүдделерін үнемі бұзса, өзге де құқық бұзушылықтар жасаса, ауыр және (немесе) аса ауыр қылмыстары үшін немесе қасақана қылмыстары үшін бас бостандығынан айыруға екі және одан да көп рет сотты болғандарға белгіленеді.

Ескерту. 2-бап жаңа редакцияда - ҚР 18.04.2017 № 58-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР 11.07.2017 № 91-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 12.07.2018 № 180-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

3-бап. Әкімшілік қадағалау орнатудың негіздемелері

Әкімшілік қадағалау орнатуға:

а) осы Заңның 2-бабының а) тармақшасында аталған адамдарға қатысты заң күшіне енген сот үкімі;

б) осы Заңның 2-бабының б) тармақшасында аталған адамдарға қатысты қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінің материалдары;

в) осы Заңның 2-бабының в) тармақшасында аталған адамдарға қатысты ішкі істер органдарының материалдары негіздемелер болып табылады.

Ескерту. 3-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 18.04.2017 № 58-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

II тарау

Әкімшілік қадағалау орнату, оны жүзеге асыру және тоқтату тәртібі

4-бап. Әкімшілік қадағалау орнату мерзімі мен орны

Әкімшілік қадағалау:

а) осы Заңның 2-бабының а) және б) тармақшаларында аталған адамдарға - қылмыстық-атқару жүйесі мекемесінен босатылған кезде;

б) осы Заңның 2-бабының в) тармақшасында аталған адамдарға – Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 79-бабына сәйкес соттылық мерзімі өтелгенге дейін тұрғылықты жері бойынша белгіленеді.

Ескерту. 4-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 12.07.2018 № 180-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

5-бап. Әкімшілік қадағалау орнату тәртібі

Әкімшілік қадағалауды:

Заңның 2-бабының а) және б) тармақшаларында аталған адамдарға қылмыстық-атқару жүйесі мекемесі бастығының дәлелді ұсынуы бойынша қылмыстық-атқару жүйесі мекемесі орналасқан жердегі аудандық (қалалық) соттың судьясы жеке өзі сот мәжілісінде;

осы Заңның 2-бабының в) тармақшасында аталған адамдарға – ішкі істер органы бастығының уәжді ұсынуы бойынша, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамның тұрғылықты жеріндегі аудандық (қалалық) соттың судьясы жеке өзі сот отырысында белгілейді.

Ұсыныспен бірге сотқа үкімнің көшірмесі және тиісті адамға әкімшілік қадағалау орнату қажеттігін дәлелдейтін материалдар жіберіледі.

Сот мәжілісіне өзіне қатысты әкімшілік қадағалау орнату туралы ұсыныс енгізілген адам, ал өтініш бойынша - қорғаушы да, сондай-ақ бастығы ұсыныс енгізген органның немесе мекеменің өкілі шақырылады.

Мәселені қарау ұсыныстың және сонымен бірге келіп түскен материалдардың мазмұны туралы баяндамадан басталады, содан соң сот мәжілісіне келген адамдардың түсініктемелері тыңдалады.

Іс қаралып болғаннан кейін судья шешім қабылдау үшін кеңесу бөлмесіне шығады, содан соң мәжіліс залына қайта оралып, қаулыны жария етеді.

Сот қаулысы өзіне қатысты әкімшілік қадағалау белгіленген адамның тұрғылықты жеріндегі аудандық (қалалық) ішкі істер органының бастығына, ал осы Заңның 2-бабының а) және б) тармақшаларында көзделген жағдайларда, қылмыстық-атқару жүйесі мекемесінің бастығына орындау үшін жіберіледі.

Ескерту. 5-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2002.10.30 № 350, 2009.12.07 № 222 -IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз); 02.11.2015 № 388-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 18.04.2017 № 58-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 12.07.2018 №

180-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

6-бап. Әкімшілік қадағалаудың қолданылу мерзімі

Әкімшілік қадағалау алты айдан үш жылға дейінгі мерзімге, ал кәмелетке толмағандардың жыныстық тиіспеушілігіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін жазасын өтеген адамдарға қатысты – Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 79-бабына сәйкес сотталғандық мерзімі өтелгенге дейін белгіленеді.

Қадағалауға алынған адам әкімшілік қадағалау қағидаларын немесе өзіне жарияланған шектеулерді бұзған, сол сияқты құқық бұзушылықтар жасаған жағдайларда, белгіленген әкімшілік қадағалау мерзімі ішкі істер органдарының уәжді ұсынуы бойынша судьяның қаулысымен – әрбір кезде алты айға ұзартылады, бірақ ол екі жылдан аспауға тиіс, ал кәмелетке толмағандарға жыныстық тиіспеушілікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамдарға қатысты әрбір кезде бір жылға ұзартылады.

Ескерту. 6-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2009.12.07 № 222-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз); 09.04.2016 № 501-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.12.2019 № 292-VI (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); 30.12.2020 № 393-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

7-бап. Әкімшілік қадағалау белгіленген адамдарға қатысты қолданылатын шектеулер

Әкімшілік қадағалау белгіленген адамдарға қатысты өмір сүру салтына, отбасындағы және тұрғылықты жеріндегі мінез-құлқына, қадағалауға алынған адамның жеке басын сипаттайтын басқа да мән-жайларға қарай мынадай:

- а) ішкі істер органдары айқындаған уақытта тұрғынжайдан кетуге;
- б) ішкі істер органдары айқындаған аудан (қала) жерлерінде болуға;
- в) қадағалауды жүзеге асыратын ішкі істер органдарының рұқсатынсыз аудан (қала) шегінен тыс жерлерге шығуға;
- г) кәмелетке толмағандардың ата-аналарының не заңды өкілдерінің келісімінсіз оларды іздестіруге, оларға баруға, олармен телефон арқылы сөйлесуге және өзге де тәсілмен қарым-қатынас жасауға;
- д) алкогольдік ішімдік ішуге, есірткі құралдарын, психотроптық заттарды қолдануға тыйым салу түріндегі шектеулер толық көлемде немесе жеке-жеке қолданылуы мүмкін.

Ескерту. 7-бап жаңа редакцияда - ҚР 18.04.2017 № 58-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

8-бап. Қадағалауға алынған адамға белгіленген шектеулерді өзгерту

Шектеулер тізбесін судья ішкі істер органының дәлелді ұсынысы бойынша қадағалауға алынған адамның тұрмыс салты мен мінез-құлқын ескере отырып, бірақ осы Заңның 7-бабында көзделген шектеулер шегінде қысқартуы немесе толықтыруы мүмкін.

Ескерту. 8-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2009.12.07 № 222-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз) Заңымен.

9-бап. Қылмыстық-атқару жүйесі мекемесі әкімшілігінің әкімшілік қадағалау белгілеу туралы қаулыны жіберу тәртібі

Әкімшілік қадағалау белгіленген адамды қылмыстық-атқару жүйесі мекемесінен босатар алдында мекеме әкімшілігі оның таңдаған тұрғылықты жеріндегі ішкі істер органына сот қаулысын, оған мінездеме беретін материалдар мен оның келетін уақыты туралы хабарлама жібереді.

Ескерту. 9-бап жаңа редакцияда - ҚР 18.04.2017 № 58-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

10-бап. Әкімшілік қадағалауды белгілеу, мерзімін ұзарту немесе шектеулерді өзгерту туралы сот қаулысын қадағалауға алынған адамға жариялау

Әкімшілік қадағалауды белгілеу, оның мерзімін ұзарту немесе шектеулерін өзгерту туралы сот қаулысын қадағалауға алынған адамға – қолын қойғыза отырып, ішкі істер органының бастығы, ал қылмыстық-атқару жүйесі мекемесіндегі адамға мекеме бастығы жариялайды. Бұл ретте қадағалауға алынған адамға – оның міндеттері, әкімшілік қадағалау қағидаларын бұзғаны үшін жауаптылығы, ал әкімшілік қадағалау қылмыстық-атқару жүйесі мекемесінен босатылар алдында белгіленген адамға таңдаған тұрғылықты жеріне белгілі бір мерзімде келмегені үшін жауаптылығы түсіндіріледі.

Әкімшілік қадағалау белгіленген адам таңдаған тұрғылықты жеріне келмеген жағдайда, ішкі істер органы оның орналасқан жерін және оның келмеу себептерін анықтау жөніндегі бастапқы іс-шараларды жүргізеді.

Әкімшілік қадағалау белгіленген адамның тұратын жері анықталмаған жағдайда, ішкі істер органы сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастайды, оған бұлтартпау шарасын таңдай отырып, іздестіру жариялайды.

Ескерту. 10-бап жаңа редакцияда - ҚР 18.04.2017 № 58-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР 12.07.2018 № 180-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

11-бап. Әкімшілік қадағалаудағы адамдарды есепке алу

Әкімшілік қадағалаудағы адамдарды есепке алу Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі белгілеген тәртіппен жүзеге асырылады.

12-бап. Әкімшілік қадағалауды жүзеге асыратын ішкі істер органдары қызметкерлерінің міндеттері

Ішкі істер органдарының қызметкерлері әкімшілік қадағалауды жүзеге асыру кезінде:

а) әкімшілік қадағалау белгіленген адамды есепке алғаннан кейін оған әлеуметтік-құқықтық көмек көрсету үшін оның жергілікті атқарушы органдарға келуін қамтамасыз етуге және әкімшілік қадағалау белгілеу туралы сот қаулысының көшірмесін олардың атына жіберуге;

б) әкімшілік қадағалау белгіленген адамның тұрғылықты жері мен жұмыс орны бойынша оның мінез-құлқын жүйелі түрде байқауға;

в) әкімшілік қадағалау белгіленген адамның қоғамдық тәртіпті, адам және азаматтың құқықтары мен заңды мүдделерін бұзуының алдын алуға және жолын кесуге;

г) әкімшілік қадағалау қағидаларын бұзушылық туралы белгіленген тәртіппен хаттамалар жасауға және оларды қарау үшін сотқа жіберуге міндетті.

Ескерту. 12-бап жаңа редакцияда - ҚР 18.04.2017 № 58-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР 30.12.2021 № 95-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

13-бап. Әкімшілік қадағалауды жүзеге асырушы ішкі істер органдары қызметкерлерінің құқықтары

Әкімшілік қадағалауды жүзеге асыру кезінде ішкі істер органдары қызметкерлерінің:

а) қадағалауға алынған адамның жұмыс орны мен тұрғылықты жері бойынша, меншік нысандарына қарамастан, ұйымдардың әкімшілігінен, сондай-ақ азаматтардан оның мінез-құлқы туралы мәліметтер сұратуға және алуға;

б) қадағалауға алынған адамды ішкі істер органына әңгімелесуге шақыруға, әңгімелесуді оның туған-туыстары келісім берген жағдайда солардың қатысуымен өткізуге;

в) әкімшілік қадағалау ережелерін орындауға байланысты мәселелер бойынша қадағалауға алынған адамнан ауызша және жазбаша түсініктемелер талап етуге;

г) қадағалауға алынған адамның мінез-құлқын және белгіленген шектеулерді сақтауын байқау мақсатында оның үй-жайына тәуліктің кез келген уақытында баруға құқығы бар. Бұл ретте Заңмен белгіленген жағдайлар мен тәртіптен өзгеше тексеру, тінту жүргізуге жол берілмейді;

д) тиісті әкімшілік қадағалауды жүзеге асыру және әкімшілік қадағалау белгіленген адамның тұрған жері туралы ақпарат алу үшін электрондық бақылау құралдарын пайдалануға құқығы бар. Электрондық бақылау құралдарын қолдану

тәртібін және ішкі істер органдарының әкімшілік қадағалауды жүзеге асыру жөніндегі қызметін ұйымдастыруды Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі айқындайды.

Ескерту. 13-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 18.04.2017 № 58-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 19.04.2023 № 223-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

14-бап. Әкімшілік қадағалауды тоқтату негіздемелері

Әкімшілік қадағалау:

а) егер әкімшілік қадағалау орнатылған мерзімді ұзарту үшін негіздемелер болмаса, сол мерзім өткен соң;

б) егер қадағалауға алынған адамның түзелу жолына бет бұрғаны анықталса, тұрғылықты жері немесе еңбек қызметі бойынша жақсы мінездеме берілсе, мерзімінен бұрын;

в) қадағалауға алынған адамның соттылығы өтелген немесе алынып тасталған жағдайда;

г) қадағалауға алынған адамның психикалық денсаулық саласында медициналық көмек көрсететін ұйымның стационарына мәжбүрлеп емдеуге жіберілуіне байланысты;

д) қадағалауға алынған адамның бас бостандығынан айыруға сотталуына байланысты;

е) қадағалауға алынған адамның қайтыс болуына байланысты тоқтатылады.

Ескерту. 14-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2009.12.07 № 222-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз); 07.07.2020 № 361-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

15-бап. Әкімшілік қадағалауды тоқтату тәртібі

Осы Заңның 14-бабының а), в), г), д) және е) тармақшаларында көзделген жағдайларда, ішкі істер органының әкімшілік қадағалауды жүзеге асыратын қызметкері әкімшілік қадағалауды тоқтату туралы қаулы шығарады, оны ішкі істер органының бастығы бекітеді.

Осы Заңның 14-бабының б) тармақшасында көзделген жағдайда, ішкі істер органының бастығы сотқа әкімшілік қадағалауды мерзімінен бұрын тоқтату туралы уәжді ұсыну жібереді, ол он күндік мерзімде қаралуға жатады.

Судьяның немесе ішкі істер органының әкімшілік қадағалауды тоқтату туралы қаулысы қадағалауға алынған адамға қолын қойғыза отырып хабарланады.

Ескерту. 15-бап жаңа редакцияда - ҚР 02.11.2015 № 388-V Заңымен (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР 18.04.2017 № 58-

VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 12.07.2018 № 180-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

III тарау

Әкімшілік қадағалауда жүрген адамдардың міндеттері мен құқықтары және қадағалау ережелерін бұзғаны үшін жауапкершілік

16-бап. Әкімшілік қадағалауда жүрген адамдардың міндеттері

Әкімшілік қадағалауда жүрген адамдар:

а) өзіне қатысты белгіленген, осы Заңның 7-бабында көзделген шектеулерді сақтауға;

б) шақыру бойынша ішкі істер органдарына көрсетілген мерзімде келуге, әкімшілік қадағалау ережелерін орындауға байланысты мәселелер бойынша ауызша және жазбаша түсініктемелер беруге;

в) әкімшілік қадағалауды жүзеге асырушы ішкі істер органының қызметкерлерін жұмыс орны мен тұрғылықты жері өзгергені туралы, сондай-ақ қызмет бабындағы және жеке істері бойынша аудан (қала) шегінен тысқары кететіні туралы бір тәулік ішінде хабардар етуге;

г) ішкі істер органының рұқсатымен басқа елді мекенге барып, онда бір тәуліктен астам уақыт болған кезде өзінің мінез-құлқын бақылауды жүзеге асыру үшін жергілікті ішкі істер органына тіркелуге;

д) әкімшілік қадағалау мерзімі аяқталғанға дейін Қазақстан Республикасының аумағынан кетпеуге міндетті.

Ескерту. 16-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 18.04.2017 № 58-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

17-бап. Әкімшілік қадағалауда жүрген адамдардың құқықтары

Әкімшілік қадағалауда жүрген адамның:

а) сотта әкімшілік қадағалау белгіленуі және шектеулер қолданылуы туралы іс материалдарымен танысуға;

б) түсініктемелер беруге, дәлелдемелер табыс етуге;

в) әкімшілік қадағалауды мерзімінен бұрын тоқтату, өзіне қатысты белгіленген шектеулерді алып тастау, тұрғылықты тұратын жерінен қысқа мерзімге кететіні туралы өтініш беруге;

г) ішкі істер органында әкімшілік қадағалауды тоқтату туралы қаулымен танысуға құқығы бар.

18-бап. Әкімшілік қадағалауды бұзғаны үшін жауапкершілік

Әкімшілік қадағалау орнатылған адам қадағалау ережелерін немесе өзіне қатысты белгіленген шектеулерді бұзған жағдайда Қазақстан Республикасы заңымен белгіленген тәртіп бойынша жауапқа тартылады.

Ескерту. 18-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2002.10.30 № 350 Заңымен.

IV тарау

Заңдылықты қадағалау

19-бап. Әкімшілік қадағалауды жүзеге асыру кезінде заңдылықтың қамтамасыз етілуін қадағалау

Заңдылықтың қамтамасыз етілуін қадағалауды Қазақстан Республикасының Бас прокуроры және оған бағынышты прокурорлар жүзеге асырады.

20-бап. Әкімшілік қадағалаудың күшін жою немесе оны өзгерту

Судьяның әкімшілік қадағалау орнату туралы қаулысын Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен прокурордың наразылығы бойынша немесе тікелей жоғары тұрған сот жоюы немесе өзгертуі мүмкін.

Ескерту. 20-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2002.10.30 № 350 Заңымен.

Қазақстан Республикасының
Президенті